

Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі
Кафедра/ бөлім «Педагогика және психология»



БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЙЫНДАУ ЖҮЙЕСІНДЕ
БАЛАЛАРДЫҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

(«ЖАЙЫҚ ЖАСТАРЫ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҒЫНЫҢ
ІС-ТӘЖІРИБЕСІ)

Тәжірибені жинақтаған:
педагогика, психология кафедрасының
жоғары санатты оқытушысы Р.Ильсова
практика әдіскері Р.Ғалымова

Орал – 2019

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1. Педагогикалық жасақ түсінігі, мақсаты мен міндеттері, қызметі.....	4
2. Педагогикалық жасақтың қысқаша тарихы. «Жайық жастары» педагогикалық жасақтың практика базаларымен байланысы.....	5
3. «Балдәурен» Республикалық сауықтыру орталығында жазғы педагогикалық практикадан өту барысы.....	7
4. Республикалық слеттерге қатысу. Озық тәжірибені тарату.....	9
5. Педагогикалық жасақ мүшелерінің колледждегі тәлімгерлік жұмыстары.....	18
6. Колледждегі жазғы педагогикалық практикаға дайындау тәжірибесі.....	27
7. «Жайық Жастары» жасағының түлектері туралы мәліметтер.	32
8. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.....	39
1-ҚОСЫМША	
Жазғы педагогикалық практиканың, дайындық семинарының жоспары.....	40
2-ҚОСЫМША	
Тәлімгер портфолиосының мазмұны.....	42
3-ҚОСЫМША	
«Армысың, лагерь, рухани өмір ордасы!» атты лагерьдің ашылу салтанаты.....	43
4-ҚОСЫМША	
«Қош бол, қызықты лагерь!» атты лагерьдің жабылу салтанаты.....	45
«Жайық жастары» педагогикалық жасағының белсенді мүшелері.....	48

Кіріспе

Балалардың демалысын ұйымдастыру қашанда маңызды мәселенің бірі болып саналады. Жыл сайын демалыс уақытындағы балалар мен жасөспірімдердің толық демалуларына, танымдық, шығармашылық және қоғамшылдық белсенділігін арттыруға, балалардың өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттерін дамытуға, ғылыми, техникалық, көркем шығармашылық, спорт, саяхат пен өлкетану және басқа да танымдық қызмет түрлеріндегі білім мен іскерліктерін арттыруға жағдай жасау мақсатында оқушылар үшін жазғы сауықтыру ауысымдары ашылады.

Сондықтан жаз мезгілі – балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға, олардың жеке басына тән байланыстарын жетілдіру, әлеуметтік және мәдени білім беру құндылықтарына араласу, әлеуметтік байланыстар жүйесіне қосылу, өз жоспарларын жүзеге асыру, жеке бас мүдделерін қанағаттандыру, ойын-сауық, бойында жиналып қалған шиеленістен арылу, жұмсалған күшінің орнын толтыру, денсаулығын нығайту кезеңі.

Жаз мезгілі балаларға өзінің сан түрлі дарынын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл кезеңді жеке басының жақсы жақтарын ашып көрсетуге жағдай жасауға, балалар арасында рухани және эмоциялық құндылықтарын алмасуға, жеке басының мүдделерін жүзеге асыруға пайдалану керек.

Еліміздің болашақтағы дамуы мен өркендеуі, келешегі жастарға тікелей байланысты. Білімді, бәсекеге қабілетті, сонымен қатар, дені сау, яғни салауатты өмір салтын ұстануы алғы шарт болып табылады. Ұлы ақын Мағжан Жұмабаев айтқандай, «Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты, қырандай күшті қырағы – Мен жастарға сенемін» дегендей, бүгінгі қоғам, қазіргі нарық бәсеке заманын талап етіп отыр. ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Еліміздің келешегі жастардың қолында» деген сөзі жастарымызға қандай жауапкершілік жүктеп отырғанын айқын көрсетеді.

Білім берудегі реформалар педагогикалық үрдіске келешектегі маманның кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мен дамыту мәселесіне әкелді. Техникалық және кәсіптік білім туралы айтатын болсақ, келешектегі мұғалімнің, атап айтқанда, қоғамның талаптары мен білім алушының кәсіби салаға практикалық бағыттылығы арасында қайшылықтар пайда болады. Оларды шешу үшін Техникалық және кәсіптік білім беру стандартында болашақ педагогтердің балалармен мақсатты практикалық жұмысына үлкен орын берілген.

Білім алушылардың педагогикалық жасақ топтарына қатысуы білім беру саласының алдында тұрған міндеттерді шешуге өз үлесін қосуы сөзсіз.

Педагогикалық жасақтар – педагогикалық бағдарлы мамандықтары бар жоғары және орта арнаулы оқу орындарында құрылатын жастар бірлестіктері.

Педагогикалық жасақтардың тәжірибесін зерттеу және жинақтаудың ғылыми-практикалық маңызы зор. Себебі республикамызда педагогикалық жасақтардың жұмысы туралы ғылыми зерттеулер, әдістемелік ұсынбалар өте аз.

Жазғы педагогикалық практиканы ұйымдастыру үшін жұмыстың жаңа формалары өте қажет. Сондықтан **зерттеу нысанын** балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру деп, ал **пәнін** педагогикалық жасақтардың балалардың жазғы демалысын ұйымдастырудағы рөлі деп алдық.

Жинақта «Педагогикалық жасақ» ұғымына түсінік беріліп, оның мақсат, міндеттері мен қызметі жазылған. Педагогикалық жасақтың тарихына қысқаша шолу жасалған. «Жайық жастары» педагогикалық жасақ мүшелерінің практика базалары аталған. Сонымен қатар, педагогикалық жасақтың іс-тәжірибесі Республикалық слеттер, форумдар, семинар-практикумдарда таратылғандығы туралы толық ақпарат берілген.

Педагогикалық жасақ мүшелерінің біліктілігін арттырудағы «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының әдістемелік қолдауының маңызы зор екендігі атап көрсетілген. Педагогикалық жасақ мүшелерінің колледждегі тәлімгерлік жұмыстары білім алушыларды балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға дайындаудағы маңызы ашылған.

Колледждегі жазғы педагогикалық практикаға дайындық жұмыстары, барысы, қорытындысын шығару жұмыстары да толық баяндалған.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚ ТҮСІНІГІ, ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚТЫҢ МІНДЕТТЕРІ МЕН ҚЫЗМЕТІ

Педагогикалық жасақ – балалар мен жасөспірімдердің демалысын, бос уақытын және білім алушы, жастардың жұмысқа орналасуын ұйымдастыру үшін Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделген білім беру, қоғамдық бірлестіктер туралы Заңы негізінде әлеуметтік және педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету мақсатында құрылған қоғамдық бірлестік.

Педагогикалық жасақ мүшелерінің негізгі қызметі – демалыс лагерінде, санаторийлік орталықтарда және басқа да балалар ұйымдарында жұмыс жасау. Жасақ жұмысының маңызды бағыты жазғы демалыс кезінде балалармен жұмыс атқару үшін білікті педагогтер құрамын дайындау болып табылады. Колледж облыстағы барлық білім беру ұйымдарымен келісімшарт

жасау арқылы жасақ мүшелерінің жазғы лагерьлерде практикадан өтуіне, жұмыс табуына көмектеседі.

Педагогикалық жасаққа іріктеудің негізгі критерийлері: белсенді өмірлік ұстанымы, психологиялық және физикалық тұрғыдағы денсаулығы, педагогикалық қызметке жарамдылығы, қылмыстық жазаның болмауы және теріс бағыттағы ұйымдарға (экстремистік, діни және т.б.) қатысының жоқтығы, көпұлтты ортада өмір сүрудің жағымды тәжірибесі.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚТЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. «ЖАЙЫҚ ЖАСТАРЫ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҚТЫҢ ПРАКТИКА БАЗАЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ.

100 жылдан астам тарихы бар Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі жанында 2009 жылдан бері Педагогикалық жасақ – «Жайық жастары» жұмыс жасайды. Оның мүшелігіне тәлімгерлік қызметке қызығушылықтарын танытқан білім алушылар қабылданады. Жасақтың жетекшісі болып, педагогика, психология кафедрасының жоғары санатты оқытушысы А.Ж. Отарбай бекітілді.

Жасақ өз қызметін Педагогикалық жасақ туралы ережеге, оқу бағдарламасына және колледждің тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Дәстүрлі түрде «Жайық Жастары» педагогикалық жасағының жоспары құрылып, бекітіліп, жоспар бойынша жұмыс жүргізіледі. Ұйымда 90 білім алушы мүшелік етіп жыл бойы түрлі бағыттарда жұмыстар атқарады. Тәлімгерлермен түрлі бағытта шеберлік сабақтары ұйымдастырылады.

Педагогикалық жасақтың мақсаты:

- облысымыз бен қаламызда орналасқан жазғы балалар сауықтыру лагерьлерінде, аула клубтарында жасөспірімдерге арналған педагогикалық жұмыстарды ұйымдастыру;
- студенттерді уақытша жұмыспен қамту;
- тұрғылықты жерінде оқитын жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын ұйымдастыру және тәрбие жұмыстарын жүргізу.

Жасақ жұмысының негізгі міндеттері:

- білім алушыларды педагогикалық кәсіпке бағыттау;
- болашақ маманның педагогикалық қабілеттерін дамыту және өзін-өзі жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- әлеуметтік маңызы бар іс-шараларға тікелей қатысу үрдісінде жастардың әлеуметтік белсенді ұстанымын қалыптастыру;
- патриоттық, азаматтық-құқықтық және адамгершілік тәрбие саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыруға қатысу;
- балалар мен жастарды салауатты өмір салтына қатыстыру;
- білім алушыларды уақытша және қосымша жұмыспен қамтамасыз ету;

- БҚО аймағындағы педагогикалық жасақ қозғалысына қолдау көрсету және дамыту.

«Жайық жастары» педагогикалық жасақ мүшелерінің практика базалары.

Жаз айлары мектеп оқушылары үшін ерекше ықыласпен күтетін уақыт екендігі баршаға аян. Жыл бойы сабақ барысындағы тоқсан арасында берілетін күндер демалыс болып есептелгенімен, жаз кезінде демалыстың мол мүмкіндігін бере алмайды. Жазғы демалыс – мектеп оқушыларының жалпы физиологиялық, сана-сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі.

Облысымызда аула клубтары, спорттық құралдармен жабдықталған алаңдар көптеп дамып келеді. Жасақ мүшелері осы аймақтарда үзіліссіз жұмыс жасайды.

«Жайық жастары» педагогикалық жасағы әр жыл сайын мамыр-тамыз айлары аралығында Орал қаласының аудандары мен қалада орналасқан Еуразия туристік сауықтыру лагерінде, Атамекен, Самал сауықтыру орталықтарында және Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік Мектебінің жазғы тілдік мектебі лагерьлерінде жұмыстанады. Біздің колледж тәлімгерлері облыстағы Еуразия, Атамекен, Маңғыстау облысындағы Кендірлі демалыс аймағындағы «Ақбөбек» т.б. сауықтыру лагерьлерінде жаз мезгілінде жұмыс істеді. Еуразия туристік лагерінде балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында олармен тәлімгерлік түрлі қызықты шаралар өткізіледі. Жыл сайын жоспар бойынша түрлі туристік сайыстар, жорықтар Шалқар көлі аймағында өтуде.

«Дарын» қосымша білім беру орталығымен оқуда жетістіктерге жеткен, пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен сыйлық иегерлері болған оқушылардың және білім беруде ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың демалысы үшін бірнеше ауысымдар ұйымдастырылып, онда біздің колледж білім алушылары жаз кезінде педагог-ұйымдастырушы ретінде қызмет атқаруда.

Назарбаев Зияткерлік Мектебінің жазғы тілдік мектебінде тәлімгерлер 2 апта бойы жұмыстанып, тілдік бағытта балалар демалысын ұйымдастыру жолдарын үйренеді.

Еуразия туристік лагерінде балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында олармен тәлімгерлер түрлі қызықты шаралар өткізеді. Жыл сайын жоспар бойынша түрлі туристік сайыстар, жорықтар Шалқар көлі, Орал қаласының мұражайлары, жас натуралистер станциясына экскурсия талапқа сай ұйымдастырылып жүр.

Педагогикалық жасақ мүшелерінің Щучье қаласындағы «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығындағы жазғы педагогикалық практикасы дәстүрге айналып отыр.

2008 жылдан бастап колледж студенттері «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында практикадан өтуде. Бурабайдағы «Балдәурен»

республикалық оқу-сауықтыру орталығында жазғы практикадан өту, жыл сайынғы бүкілқазақстандық слеттер, семинар-практикумдар, форумдар, фестивальдер – болашақ мұғалімдерді оқытудың, тәлімгерлердің біліктілігін жетілдірудің, тәжірибе алмасудың керемет алаңы болып отыр.

2011 жыл «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында жылдың жазғы уақытында 5 ауысым өтті. Жоспарға сай экологиялық десант, экскурсия (Көкшетау тауларына саяхат), диско – фиеста, туған күн иелерінің мерейтойына орай ұйымдастырылған концерттік бағдарламалар, әртістердің және модельдердің жұмысы, басқа балалар ұйымдарының жұмыстарымен танысу олардың кәсіби шеберліктерін шыңдады.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЛДӘУРЕН САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНДА ЖАЗҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАДАН ӨТУ БАРЫСЫ

2012 жылы жазғы ауысымда 6 білім алушы, атап айтсақ А.Махсұтов, С.Саинова, М.Нарынбаева, И.Дүйсекешов және басқалары педагог тәлімгердің жұмысымен танысып, практикадан тәжірибе жинақтайды. Осы жақсы дәстүр өз жалғасын табуда.

2017-2018 оқу жылында колледж білім алушылары Республикамыздың түрлі облыстарында практикадан өтіп тәжірибе жинақтады. Сонымен қатар, «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығынан 11 білім алушы, «Дарын» қосымша білім беру орталығынан 12 білім алушы, «Евразия» сауықтыру лагерінде 11 білім алушы, «Атамекен» сауықтыру лагерінен 3 білім алушы жазғы практикадан өтті. Білім алушылар колледжде алған теориялық білімдерін практикада қолданып, жазғы практиканы сәтті өтті. Білім алушылардың көбі жазғы практика кезінде жауапкершілікпен жұмыстанып алғыс хаттармен марапатталған.

2018 жылдың 11 маусым айынан 28 тамызға дейін Щучье қаласындағы «Балдаурен» оқу-сауықтыру орталығында «Жайық жастары» педагогикалық жасақ мүшелері практикадан өтті. Практика барысында студенттер аға тәлімгерлермен тәжірибе алмасып, оқу-сауықтыру орталығындағы жасақтармен бірге жұмыстанды. Қорытынды конференцияда Балдәурендегі

өткізген қызықты, шығармашылыққа толы шабытты жастардың демалысынан әсерлі үзінділер көрсетілді. Білім алушылар жазғы практиканы өте жақсы өткізіп, лагерь басшыларының атынан алғыс хаттармен марапатталды.



«Жайық Жастары» педагогикалық жасағы тәлімгерлердің жаңа мүшелерін өз жұмысымен таныстыру конференциясын өткізуді дәстүрге айналдырды



«Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында жұмыс жасап жатқан колледж түлектері

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЛЕТТЕРГЕ ҚАТЫСУ. ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕНІ ТАРАТУ

2009 жыл. ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Балалар ұйымдарының Республикалық одағының бастамасы бойынша еліміздің тарихында тұңғыш рет 2009 жылғы 14-23 сәуір аралығында педагогикалық отрядтардың I Республикалық слеті ұйымдастырылып, өткізілді. Бұл «Жаз – 2009» каникул кезеңіндегі балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру, сауықтандыруы мен демалысын позитивті ұйымдастыру саласында аталған әлеуметтік-педагогикалық құбылысты жандандыруға ықпал етті. Сол жылдан бері Педагогикалық жасақ мүшелерінің біліктілігін жетілдіруде Бурабайдағы «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы әдіскерлерінің көмегінің орны ерекше болып отыр.

«Балдәурен» РОСО-ы Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың тікелей тапсырмасымен құрылды. Бұрынғы «Артек» лагерінің баламасы деуге болады. Өйткені ол жерге демалуға балалар жан-жақтан барады. Құрылғанына он алты жыл болып отырған «Балдәурен» сауықтыру орталығында (Ақмола облысы, Щучье қаласы) өтетін дәстүрлі республикалық педагогикалық жасақтар жиыны озат тәжірибені тарату алаңына айналды. «Жайық Жастары» педагогикалық жасағының тәжірибесін тарату мақсатында осы үлкен жиынға колледжіміздің белсенді көшбасшы тәлімгерлері 2009 жылдан бері қатысып келеді. Әр жылдарда өткізілген слеттерде «Жайық Жастары» педагогикалық жасағы өздерінің атқарған жұмыстарын жоғары деңгейде, шығармашылықпен көрсетіп жүр.

Колледжде «Педагогикалық слет» байқауына дайындық шараларын дәстүрлі түрде сәуір айында өткізіледі. Мақсаты – білім алушыларды шығармашылығы, өнерлеріне қарай саралап, оларды іріктеп алу. Олардың арасынан шебер тәлімгерлерді анықтау.

2011 жыл. Жасақ мүшелері осыған дейін үшінші рет ұйымдастырылып отырған практикалық семинарына қатысты. Жиынның жоспарына келетін болсақ *бірінші күні* әр жерден келген педагогикалық жасақтар өздерін таныстырып, атқарған жұмыстары туралы ақпараттар береді. *Екінші күннен* бастап қалған үш күнде тәлімгерлерге түрлі тақырыптарда академиялар ұйымдастырылды. Түрлі бағыттағы тренингтер, ойындарды ұйымдастыра білу, құжаттарды дұрыс толтыра білу, би кешін жүргізе білу, жазғы балалар лагерінің жоспарын құра білуге үйретті. Жиын қорытындысы бойынша дөңгелек үстел ұйымдастырылып, педагогикалық жасақтың дұрыс дамуына байланысты мәселелер қозғалып, пікірлер тыңдалып, ұсыныстар беріледі. Сонымен қатар Бурабай өңірінің тамаша табиғатына саяхат ұйымдастырылып, балалар демалысын ұйымдастыру үшін әдістемелік нұсқаулар берілді.



***Қазақстан Республикасының Педагогикалық жасақ жиыны - 2011ж.
«Жайық жастары» педагогикалық жасақ мүшелерін ерекше жасақ деп
аталды.***



***Жиын қорытындысы бойынша тәлімгерлердің қатысқанын растайтын
сертификаттар алған сәтінен
2012 жылы кәсіби педотрядтардың республикалық слеті.***



Қазіргі уақытта «Балдауренде» жұмыс жасайтын колледж түлектері Ж.Амиргалиев пен Ө. Хафиз



2013-2014 оқу жылғы ең үлкен жетістік Алматы қаласында өткен ҮШ Республикалық «Дарынды балаларға – талантты ұстаз» тақырыбында өткен педагогикалық олимпиадада кафедра меңгерушісі Г.С.Нұрашеваның жетекшілігімен «ИНДИГО» командасы 17 команданың ішінен **3-орынды** иеленсе, БҒМ-нің Республикалық қосымша білім-беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Алматы қаласы «Тау күні» сауықтыру лагерінің базасында өткен республикалық «Педагогикалық жасақтар мен жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арналған» **семинар-практикумына** А.Ж.Отарбайдың жетекшілігімен «Жайық Жастары» педагогикалық жасағы қатысып, жүлделі **2 - орынды** иеленді.



Педагогикалық жасақтар мен жазғы демалысты ұйымдастырушыларға арналған **семинар-практикумы**

Өткізілген уақыты: 12.03 – 15.03.2014. Жетекші: Нұрашева Г.С.

1 – кезең «Тәлімгерлік жаз» (үздік көрме)

«Жайық Жастары» педагогикалық жасақтың қызметін көрсететін көрмеде мыналар болды: үлестірме материалдар, буклеттер, әдістемелік туындылар, педагогикалық жасақтың атрибутикасы, балалар мен жасөспірімдердің жазғы сауықтыру және демалуын ұйымдастыратын бағдарламалар; аңыздардың сандықшасы, ән жинағы, ойын техникасы; мәдени шаралардың сценарийлері, 2013 жылы жасақтың жазда атқарған жұмысы туралы ақпараттары таныстырылды.

Педагогикалық олимпиада II айналым бойынша өтті.

I айналым жеңімпаздары: Ләйлім Камашева – 2сФК, Бектелеу Ағыла – 2аКШК, Балтабаева Балжан - 3аРШИ студенттері II айналымға тікелей жолдама алды. Олардың қатарына «Жайық жастары» педагогикалық жасағының беделді мүшелері: Кусманғалиева Бибинур- 2аВО, Какимова Сандугаш- 3аКШО , Сулейменов Дастан – 2аКШК.



2-кезең: «Біз – топтың дарындылаырмаыз!» атты педагогикалық жасақтың ресми карточкасы. Қатысушылар өздерінің шығармашылық презентациясы мен жасақ биінің бір үзіндісін көрсетті.



3-кезең: «Лагерьдің өмірінен бір күн» атты бейнеклип. Педагогикалық жасақ өздерінің бейнеклипінің тұсаукесерін көрсетті.

4-кезең: «Педагогикалық жағдаяттарды шешу» байқауы (рөлдік ойындар, сахналау). Берілген жағдаятты сахнада ойнау және мәселені шешу жолдарын педагогикалық, психологиялық білімдеріне сүйене отырып көрсете білді.

5-кезең: «Залмен ойын ойнау» байқауы. Жасақ залмен бірге түрлі ойындарды ойната білді.



Біздің колледждің «Жайық Жастары» педагогикалық жасағы белсенділікпен қатысып, жүлделі 3 – орынды иеленді.

Щучье қаласындағы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығы педагогикалық жасақтардың әлеуметтік мәртебесін көтеру және шығармашылық әлеуетін арттыру, олардың әрі қарай кәсіби тұрғыда өсуіне жағдай жасау мақсатында, «Рухани жаңғыру» бағдарламасының шеңберінде және Астана қаласының 20 жылдығына орай, **2018 жылғы 31 наурыз – 4 сәуір аралығында** Педагогикалық жасақтардың «Креатив ревю-2018» Республикалық слетке қатысты.

Слеттің басты мақсаты: балалардың бос уақытын ұйымдастыру, біліктілігін арттыру, тұрақты өзін-өзі дамыту және өзін-өзі жетілдіру қажеттілігін қалыптастыру, Қазақстан Республикасы Педагогикалық жасақтардың арасындағы кәсіби және мәдени қарым-қатынастарды дамыту.



2018 жылғы 31 наурыз күні Кіші Олимпиада ойындарының ашылу салтанаты өткізіліп, орталық бойынша экскурсия жасалып, педагогикалық жасақтың қызметі туралы презентация (бейнеролик), тарататын материал, буклеттер, көрме материалдарында жасақ туралы ақпаратты көрсетіп, педагогикалық жасақтың атрибутикасы, аңыздардың, әндердің жинағы, ойын технологиялары атты конкурсы өткізілді.

Республикалық слеттің ашылу салтанаты өткізіліп, «Біздің міндетіміз-жүректерге сәуле шашу» тақырыбы бойынша бейнероликтер байқауы өткізілді. Слеттің негізгі бағдарламасына сай слет қатысушыларына қосымша жұмыстар жүргізілді.

«Веровочный курс» психологиялық тренингі. Тәжірибе алмасу бағытында тренингтер, шеберлік сыныптар өткізілді.

Шахмат, волейбол, этафета, арқан тартыс сияқты спорттық ойындар өткізілді. Ұйымдастырушы ұстаздар ұжымының концерті өткізілді.



Слетке қатысушыларға спорттық сайыстар, ұлттық ойындар, «Табиғатпен үндестік» сағаты, «Көркіне сұлу келін жүзігімен» этнографиялық кеш және би кеші өткізілді.



Мини спектакль – қойылым байқауы. «Туған күніңмен –Астана немесе Еуразия жүрегіне саяхат» тақырыбында командалық шығармашылық номер.

Станциялар бойынша ойын (әр станцияға әр пед.жасақтың 1-2 өкілі). Барлық слетке қатысушылар және жетекшілеріне арналған дөңгелек үстел ұйымдастырылып, «Ән шырқайық, бәріміз!» Қоштасу «Ұшқыны» концерті өткізіліп, Бурабайға саяхат жүргізілді.



«Креатив Ревю-2018» Республикалық слетіне Орал қаласы, Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің «Жайық жастары» педагогикалық жасағы қатысып белсене қатысып, жүлделі **2-ші** орынды иеленді.



«Жайық жастары» педагогикалық жасағының іс-тәжірибесін халықаралық деңгейде тарату

2010 жылы «Жайық жастары» педагогикалық жасағының іс-тәжірибесін халықаралық деңгейде тарату мүмкіндігі берілді. «Жайық жастары» педагогикалық жасағының 10 білім алушысы Ресей

Федерациясының үкіметінің жастар саясаты бөлімінің (Краснодар орталығы «Анапа» демалыс қаласында) шақыруымен «Премьера» мәдени-сауықтыру орталығында балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға жолдама алды. Тәлімгерлер ұжымымен жұмыс жасап, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру теориясы және әдістемесі бойынша білім, іскерлік, дағдыларын, құзыреттіліктерін жетілдірді. Олар балалардың жазғы демалыстарын ұйымдастырудың шетелдік тәжірибесіне үйреніп, оның негізгі идеяларын ала білді.

Бұл тәжірибе балалардың бос уақыттарын тек қызығушылық негізінде ғана емес, сауықтыру жұмыстарын жүргізуге де үйретті. «Анапа» демалыс лагерінде тәжірибе алған жасақ түлектері кейіннен балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру жұмыстарын жетілдіруге зор үлес қосты. «Анапа» демалыс лагерінде тәжірибе алған жасақ түлектері қазіргі уақытта «Бурабай курорт» аймағындағы балалардың «Арман аралы» атанған «Балдәурен» орталығында тәлімгерлік қызметін жалғастыруда.



17.05-18.05. 2013 аралығында жасақ мүшелері «Білім.Туризм.Интеграция» халықаралық форумына қатысты. Форумда ҚР туристік және сауықтыру орталықтарынан келген қонақтар және РФ қатысушылары өздерінің іс- тәжірибелерімен алмасты.



«Балдауре» Республикалық оқу -сауықтыру орталығы директорының орынбасары Жақсылықов Бірлік Қадырович форум қатысушысы.



Түрлі деңгейдегі түрлі шараларға қатысуы.

1913 жылы колледждің 100 жылдық тарихы қарсаңында «Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне инновациялық технологияларды енгізу» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясының «E-learning – электрондық оқыту жағдайында басқару мәдениетін қалыптастыру» атты I секциясында өткізілген шеберлік кластарына Республикамыздың әр түрлі облыстарының колледж оқытушылары, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің, Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының қызметкерлері қатысқан республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысып, «Жайық жастары» өзінің іс-тәжірибесін республика көлеміне таратты.

«Жайық жастары» педагогикалық жасағы жастарға арналған түрлі деңгейдегі шараларға қатысады.

2013 жылдың 14 қараша күні Батыс Қазақстан облыстық ішкі істер басқармасы ұйымдастырған «Жолдағы қозғалыстың қауіпсіздігіне студенттердің бастамасы мен қолдауы» байқауына қатысып, «Үздік плакат» номинациясы бойынша жүлделі 1-орынды иеленді.



«ЖАЙЫҚ ЖАСТАРЫ» ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАСАҒЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ КОЛЛЕДЖ ІШІНДЕГІ ТӘЛІМГЕРЛІК ЖҰМЫСТАРЫ

Педагогикалық жасақ жылдық жоспар бойынша жұмыс жасайды. Әр айға бір шара жоспарланады.

Активтер жұмысының бағдарламасы келесі бағыттар бойынша жүреді:

- *рухани - адамгершілік*. Бұл бағыттың мақсаты туған өлкенің тарихын зерделеуге бағытталған.

- *жалпы интеллектуальдық бағыт* білім алуға мотивацияны көтеруге бағытталған. Оған интеллектуальдық ойындар, викториналар, күндізгі және кешкі іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу енеді.

- *жалпы мәдениет*. Бұл негізінен, көркемдік, театрлық, музыкалық шығармашылық. Киношығармашылық.

- *әлеуметтік*. Бұл әртүрлі жобалар, кіші отрядтарға көмек көрсету, сауалнама жүргізу.

- *спорт*. Бұл бағытта денсаулықты сақтау, салауатты өмір салтын насихаттау, спорттық іс-шараларды өткізу бойынша барлық іс-шаралар қамтылған.

Ауысым кезіндегі педагогикалық жасақтың қызметі: командаларды құру, уақытша балалар командасын жинау, сәттілікке ынталандыру, жарыстарда және ауысым шараларындағы жеңістер және т.б. бойынша сабақтар, ойындар және тренингтер;

- *ауысымның танымдық, спорттық, шығармашылық істерін жоспарлау, ұйымдастыру және жүзеге асыру.*

- ауысымға қатысушылардың денсаулығын сақтау үшін өткізілетін шаралар: таңертеңгі сауықтыру жаттығуларын жүргізу, орманға саяхат жасау, спорт, салауатты өмір салты туралы әңгімелер жүргізу, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу – таза ауадағы қозғалмалы және спорт ойындары, темекіге және басқа да жаман әдеттерге қарсы акциялар және т.б.

Балалар ұйымы, балалар өзін-өзі басқару негіздеріндегі ауысым мүшелерін оқыту мақсатындағы шаралар: балалар командаларын басқаруға арналған ойындарды өткізу, командалардың мүшелеріне нақты істерді белгілеу, ауысымдық іс-шараларды өткізу үшін жауапты тәрбиеленушілерді тағайындау, шараларға дайындық кезінде сондай-ақ тақырыптық тренингтер, ойындар, әңгімелер және т.б. өткізуге дайындық барысында жанжалсыз қарым-қатынас дағдыларына үйрету.

Шараларды мен ұжымдық шығармашылық істерді әдістемелік қамтамасыз ету.

Олар: өткен күннің талдауы, қоғамдық пікірді зерттеу және күндік бағдарламаға түзетулер жасау, күннің күндізгі және қорытынды жұмыстарының ережелері мен өткізу жоспарын әзірлеу.

Тәулік бойы күн тәртібін, ауысымға қатысушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі негіздерін сақтай отырып, жасақты педагогикалық қолдау.

Олар: қауіпсіздік техникасы бойынша сұхбат және нұсқаулар, ауысым кезіндегі өмірлік белсенділік, ауысымға қатысушылардың арасында денсаулық шараларын насихаттау.

Жасақ мүшелері колледж студенттерін жазғы педагогикалық практика дайындау мақсатында балаларға арналған әндерді үйретіп, ойындар ойнатып, би билетіп қана қоймай, тәлімгердің мақсат-міндеттерімен, құқығымен, қызмет бағытымен, лагерь заңы, ережесі, күн режимімен таныстырып, студенттердің жеке портфолиосын әзірлеуге әдістемелік көмек береді. «Жайық жастары» педагогикалық жасағының мүшелері колледжде ұйымдастырылатын пән бірлестіктері айлығы аясында өткізілетін түрлі тәрбиелік іс шараларға қатысып, білім алушыларға тәрбиенің жаңа технологияларын көрсетеді. «Флеш-моб» ұйымдастырып, студенттердің педагогикалық біліктілігін арттыру мақсатында қарым-қатынас әдебі туралы жарнамалар жасайды.

Дәстүрге айналып отырған «Танылмаған талант» концерттік бағдарламасы, «Қарттарым – асыл қазынам» (мерекелік кеш), «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» мерекелік іс-шара, «Қайран менің студенттік күндерім» педотряд түлектерімен кездесу, «Студенттік өмір – игі өмірдің бастауы» (мерекелік кеш), «Елін сүйген – Елбасы», «Білгірлер отауы» интеллектуалды сайысы, «Ана – өмір ажары» (мерекелік кеш), «Нұр себеле - Ұлыстың ұлы күні» мерекелік іс-шара, «Тәлімгерлер сайысы» интеллектуалды-танымдық іс-шара, «Жайдарлы жайдарманшылар жарысы» сынды іс шаралардың тәлімгерлерді дайындауда маңызы зор.



«Ең үздік тәлімгер» сайысы. Педагогикалық жасақ мүшелерінің арасында «Ең үздік тәлімгер» сайысы өткізіліп отырады. Сайыстың негізгі мақсаты тәлімгерлердің жұмысының жүйелі ұйымдастырылуын анықтау.

Сайыс бөлімдері:

- 1 - Өзін-өзі таныстыру.
- 2 - Жағдаяттарға жауап беру.
- 3 - Өз өнерін көрсету.
- 4 - Көрермендермен ойын ұйымдастыру.

Сайыста тәлімгерлер түрлі өнерлерін ортаға салады. Сайыстың әділқазы мүшелері жеңімпаздарды анықтайды. Ең үздік тәлімгерлер «Балдәурен» демалыс аймағында педагогикалық практикадан өтуге жолдама алады.



Жасақ мүшелерінің жаңа мүшелерімен өткізілетін колледжішілік шаралар.

Оған колледж әкімшілігі және кафедра оқытушылары қатысады.

Кездесу шарасы 3 – бөлімнен тұрады. Алдымен педагогикалық жасақ мүшелері өздерінің әнін, ұранын, заңдарын бірінші курс білім алушыларына түсіндіріп жаттаттырады. Одан кейін өздерінің жетістіктерімен бөліседі. Сондай кездесулердің бірінде жасақ мүшелері Исаков Темірбек, Бақтыгереева Фатима, Керешов Тілек, Махсутов Айбек бейне роликтен жазғы мезгілде «Балдаурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткізген қызықты шараларын көрсетіп, өздерінің тәрбие теориясы және әдістемесі бойынша білім, іскерлік, дағдыларын жетілгенін, жаңа тәрбие технологияларына үйренгендігі туралы айтып ой бөлісті.

Ресей Федерациясының Анапа қаласында орналасқан «Премьера» балалар лагерінде жұмыстанған Сахипова Гаухар, Джулдыбаева Гаухар,

Искакова Ақбике және Камалиева Эльмира лагерь биін билеп, таңертеңгі жаттығуды өте әдемі орындап берді. Бірінші курс білім алушылары жасақ мүшелеріне өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Білім алушылардың барлығы жасақ жұмысына мүше болуға өздерінің өтініштерін білдірді. Шара өз мақсатына жетіп қызықты тартымды өтті.

Педагогика, психология айлығы кезінде жасақ мүшелері өздерінің іс-тәжірибелерін таратуға мол мүмкіндік алады.



«Сенде қосыл жасқанба, әнің жетсін аспанға!» әдеби-сазды шарасында «Жайық жастары» педагогикалық жасағының мүшелері түрлі ойындар мен сергіту жаттығуларын өткізіп, көріністер көрсетуде



Мамыр айында Евразия туризм орталығының тәлімгерлерімен «Жайық жастары» жасағының мүшелері жолдастық кездесу ұйымдастырды. Кездесудің негізгі мақсаты балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыратын қаламыздағы аула клубтары мен лагерьлердің жұмысымен жақын танысу. Коллдеж білім алушыларын жалпы педагогикалық жасақ жұмысының негізгі мазмұнымен таныстыру.

Кездесуде балалардың бос уақытын ұйымдастыратын «Евразия» лагерінің тәлімгерлері түрлі ойындар, тренингтер, шеберлік сыныптарын көрсетіп,

әндер және пайдалы кеңестер мен қызықты шаралардан үзінділер көрсетіп тәлімгер өмірінен жақсы мағлұматтар берді.



Облысымыз бойынша балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастырудағы колледж білім алушыларының үлесі жөнінде қалалық «Жайық үні» газетіне мақала жазылды.

«Өзіңнен баста-Начни с себя!»



Батыс Қазақстан облысы әкімімен бекітілген «Өзіңнен баста – Начни с себя!» жобасын жүзеге асыру шаралары жоспарының 11 тармағын орындау, жасөспірімдер мен жастар арасында ұсақ бұзақылықтар мен тәртіпсіздікке «мүлдем төзбеушілік» ұстанымын қалыптастыру мақсатында 2018 жылдың 25 қыркүйек күні Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжінің спорт алаңында «Өзіңнен баста–Начни с себя!» флеш-мобы өткізілді. Бұл акцияның мақсаты: қоғамдағы ұсақ құқық бұзушылықтармен күрес жүргізе отырып, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтың деңгейін төмендету. Акцияның ашылу салтанатында директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қайырлиева Алтынгүл Жақсығұлқызы және алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Нұрлыбек Закариянұлы сөз сөйледі. Ұсақ бұзақылық мен тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік қағидасының көрнекіліктері пайдаланылды.

«Өмірің өз қолыңда!» денсаулық фестивалі 2018 жылдың 28 қыркүйегінде Ж.Досмұхамедов колледжінің спорт алаңында «Өзін-өзі басқару» ұйымының және «Жайық жастары» педагогикалық жасағының ұйымдастыруымен 1 курс білім алушылары арасында «Өмірің өз қолыңда» атты ұранымен квест ойындары өткізілді. Шараның ашылу салтанатын директордың әлеуметтік ісі жөніндегі орынбасары Мажитов Қосай



Хамидоллаұлы және жастар ісі комитетінің жетекшісі Махамбетова Айнаш Махамбетқызы бастады. Шара соңында барлық қатысушылар диплом және алғыс хаттармен марапатталып, қатысушылар арасында 30 минуттық би кешімен аяқталды. Шараның мақсаты: білім алушылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру. Өткізілген шараға 1 курс

білім алушылары толықтай қатысып, салауатты өмір салтын қалыптастыруда өздерінің шығармашылығын және белсенді ұстанымдарын көрсетіп, позитивті көңіл-күй қалыптастырып, негізгі ойды жеткізе білді.

26.01.2018. «Зенит» мәдениет үйінде колледж білім алушыларына арналған Жаңа жылдық мерекелік кеш өткізілді. Колледжіміздің белсенді білім алушылары – педагогикалық жасақ мүшелері кештің жақсы өтуіне көп көмек көрсетті.

2018 жылғы 14 қарашада «Студенттік жастық шақ» Жас Отан жастар қанаты өкілдері колледжімізге келіп белсенді білім алушылармен жиналыс өткізді. Жас Отан өкілі Жандос Әміржан 2018 ж. ҚР Тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдуын талқылап студенттермен өзара пікірталас болып идеялары айтылып, Жас Отан орталық кеңес мүшелігіне кандидаттарды



сайлау туралы және Жас Отанның тарихы, қызмет бағыты туралы мағлұматтар айтылды.

«Жас Отан саясаткерлер» мектебі қалай пайда болды қалай жұмыс атқарып жатырғаны туралы видео слайд көрсетілді. «Сәтті қадам» жобасы арқылы да білім алушылардың көптеген жетістікке жетуге болатыны негізделді. Еріктілер мектебінде ардагерлерге көмектесіп көптеген шаралар өткізіліп жатқаны айтылды.

Батыс Қазақстан облысының әкімінің орынбасары Ғабидолла Абдоллаұлы Оспанқұловтың қатысуымен «Bastau» коворкинг орталығында облыс жастарымен кездесу өтті. Кездесуге Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледж президенті Қасым Алина 2018 жылғы ҚР Президент жолдауы жүзеге асуының негізгі механизмдері қаралып, жастар өз пікірлерін білдірді.



Кездесу барысында жоғары және арнаулы оқу орындарындағы студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының және жастар ісі жөніндегі комитеттерді біріктіретін «STUDUNION» кеңесі құрылды. Өз кезегінде Ғабидолла Абдоллаұлы: «Кеңестің қаламыздағы 4 жоғары және 20 арнаулы оқу орындарындағы студенттердің қоғамдық өмірге белсене араласуына, тың және бірегей шараларды жұмыла

ұйымдастыруға септігін тигізері сөзсіз» деп атап өтті.

Мемлекеттің, елдің тірегі мен болашағы – жастардың әлеуеті мен өмір сүру жағдайлары назардан тыс қалған емес. Шара барысында Қазақстан студенттер Альянсының бастамасымен елімізде тұрақты өткізілетін «Қалың қалай, студент?» акцияларының тұжырымдамасы мен өткізілу тәртібі «STUDUNION» кеңес мүшелеріне түсіндірілді.

2018 жылдың 23 қараша күні педагогика, психологиясының оқытушылары А.Махамбетова, Р.М.Ғалымовалар 10 күндік аясында Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжінде **«Жайық жастары» педагогикалық жасағы** «Еліміздің болашақ жастары қандай?» атты тақырыпта диспут ұйымдастырды. Мақсаты:

- білім алушылардың қоғамға деген көзқарасы мен қызығушылығын қалыптастыру;

- «Егемен еліміздің болашақ жастары» тақырыбында ой қозғату;

- Еліміздегі жастар мәселесіне назар аударту.

Өткізілген шараға колледжіміздің «Өзі-өзі басқару» ұйымы, «Ынтымақ» еріктілер клубы, «Ұлағат» дебат клубы және 1 курс



білім алушылары қатысып, «Еліміздің болашақ жастары қандай болу керек?», «Жастардың мақсаты қандай?», «Қандай жұмыстар атқару керек?» деген сұрақтарға жауап беріп, болашаққа жоспарлаған өздерінің жоспарлары, жақын және алыс болашақта біздің мемлекетті қалай елестететіндіктері жайында, біздің елдің гүлденуінде жастардың алатын орны туралы ойларын ортаға салды.

Шараға педагогика, психология кафедрасының оқытушылары қатысып, 2020 жылға дейінгі «Жастар – Отанға!», «Жастардың табыс жолы», «Жас Отан» партиясының Жастар қанатының бағдарламасы туралы, «Жас Отан» Жастар қанатының міндеті- өткенді бағалайтын, қазір батыл әрекет ететін және болашаққа сенімді көз тастайтын Қазақстанның табысты азаматтарының жаңа ұрпағын қалыптастыру және әр жас адамға табыстың жолын көрсету туралы тыңдаушыларға әңгімеленді.

Педагогикалық жасақ білім алушыларды алдымен өз жұмыстарымен таныстырып, өнерлерімен тамсандырып, осы аралықта қандай жұмыстар атқарғандарын, өз жетістіктерін слайд, видео роликтер, жетістіктерінен көрме дайындап көрсетті.

Студенттерге Қазақстан халқы жастар Ассамблеясы туралы деректі фильм көрсетілді.



Биылғы 2019 жылы наурыз айында «Жайық Жастары» педагогикалық жасақ мүшелері қазақтың «Көрісу айт» мейрамына сай Татарстан Республикасы Арск ауданы, Ғ.Тоқай атындағы Арск педагогикалық колледжінен келген әріптестеріне қазақтың «Қонақ күту» дәстүрін көрсетіп,

табақ тарту рәсімі мен ұлттық тағам түрлері таныстырылып, дастархан мәзірін ұсынды. Жасақ мүшелері қыздарымыз ежелден келе жатқан дәстүріміз- бұл қонақ күту екенін айтып, ешбір таныстығы жоқ жолаушы кез келген қазақтың үйіне қонуға ерікті екенін, қазақтың салт – дәстүрінде қонақ шақырмау, қонақты үйге түсірмеу үлкен айып болып саналатыны және бүгінгі күнге дейін сол салт сақталғанын айтып, қонақтарға арналған «Сый табақты» дастарханға әкеліп, қазақтың еттен дайындалатын бас тағамы «Бесбармақтың» дайындалу жолдарын таныстырды.

Қонақтарымызға Ұлыстың ұлы күні дайындалатын ұлттық тағамның тағы бір түрі наурыз көжені ұсына отырып, оның жеті түрлі тағамнан жасалатынын айтты. Басқа да ұлттық тағамдарымыздың дайындалу жолдарын айтып, қонақтарға тарту етті.

Шара барысында халық әндері шырқалып, ұлттық ойындары ойналды.

Қонақтардан дәстүр бойынша «қонақ кәде» сұралып, біздің тарапымыздан «Қонақ сый» берілді. Дәстүр бойынша қонақтарымыз бен қыздарымызға үлкендер тарпынан бата берілді.





Мерекелік сәттерден



КОЛЛЕДЖДЕГІ ЖАЗҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАҒА ДАЙЫНДАУ ТӘЖІРИБЕСІ

Оқу жоспары бойынша жазғы практикадан өтуге тиісті білім алушылар үшін *оқу курсы* ұйымдастырлады. Колледж оқытушылары және «Дарын» қосымша білім беру орталығының тәлімгерлері білім алушыларды балалармен практикалық жұмысқа дайындап, жазғы демалыс лагерінің қызметін ұйымдастырудың тиімді жолдары туралы теориялық және практикалық білімдер беріп, іскерліктер мен дағдыларға үйретеді. Ол үшін оқу практикасы ұйымдастырылады. Оның жоспарына балалардың демалысы мен сауығуын тиімді қамтамасыз етудің іс-шаралары енгізіледі:

- нормативті-құқықты қамтамасыз ету;
- балалар демалысы мен сауықтырылуын әдістемелік-бағдарламалық қамтамасыз ету;

- демалыс пен сауықтыру мекемелерінде балаларға ұсынылатын қызмет түрлері;

- балалардың денсаулығын қорғау мен сақтау;
- жаз мезгіліндегі су айдындарындағы қауіпсіздік ережелері.

Әдіскерлер практика барысында білім алушыларға практиканың мақсаты, міндеттерін, жазғы демалысты ұйымдастырудың маңызын түсіндіріп, жазғы лагерь портфолиосын жасақтап, конференцияға дайындық жұмыстарын жүргізеді. Колледждің 2 курс білім алушыларын жазғы педагогикалық практикаға дайындау барысында әдіскерлер тәлімгердің мақсат - міндеттерімен, құқығымен, іс-әрекетімен, лагерь заңы, жазғы демалысты ұйымдастырудың талаптары, ережелері, нормаларымен таныстырады.

Оқу сабақтарында тынығу лагерьінде балалармен, жасөспірімдердің жазғы демалысын тиімді ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерінің теориялық және практикалық негіздері беріледі, атап айтсақ, педагогикалық жағдаяттар талданып, тренингтер өткізіліп, педагогикалық жобалар жасалады. Практикалық сабақтарда педагогикалық жасақ мүшелері ауысымға арналған жоспар жасап, тақырыптық күндер мен маңызды оқиғаларды атап өту



мақсатымен сценарийлер құрастырады. Олар өздері жазған сценарийлер үшін материалдар мен музыканы таңдап, әр түрлі іс-шараларды өз бетімен өткізеді.

Педагогикалық жасақта қолданылатын жұмыс түрлері әртүрлі: өзін-өзі басқару, тренингтер, байқаулар, іскерлік

ойындар, ұжымдық шығармашылық істер т.б.

Білім алушылар тақырыптық шараларды, акцияларды дайындауға қатысады: материалды жинау, оны өңдеу, жобалау, үйлестіру, сараптау және іске асыру. Осылайша, олар белгілі бір қызметте табысқа қол жеткізіп, өз дамуының бағдарламасын жасайды, сондай-ақ әлеуметтік өзара әрекеттесу кеңістігін кеңейтеді. Олардың әлеуметтік ортасы өзгеріп, әлеуметтік және кәсіби рөлдерді сынақтан өткізу және меңгеру үрдісі дамиды.

Тәлімгерлік шеберлік курсынан өткен білім алушылардың көпшілігі аудитория алдындағы қорқынышты жеңіп, құнды білімдер мен дағдыларға ие болды, олардың ұйымдастырушылық қабілеті, белсенділігі, үйірсектігі және бастама көтеруі артты. Балалармен практикалық жұмыс істеу үшін

психологиялық және педагогикалық білім алды. Бұл білім олардың болашақ мамандығы мен өмірінде пайдалы болады.

Жазғы педагогикалық практикаға дайындық семинары. Семинардың мақсаты- студенттердің жазғы практикаға дайындықтарын анықтап, бір-бірімен тәжірибе алмасу.

Шара «Жайық жастары» педагогикалық жасағының әнімен ашылып, семинар бағдарламасы бойынша жүреді.

Бағдарламасы:

Көрме (практикант портфолиосы, күнделік, жасақ газеті, қол өнерлері).

Топ жасақтарын таныстыру (топтың аты, ұраны, әні). Топтар жасақтардың лагерь президентіне рапорт беріп, топтың аты, ұраны, эмблемасы, әнін орындалады.

Лагерьдің қызықты сәтін ұйымдастыру. Әрбір топ жазғы практика кезінде өткізілетін шаралардан үзінділер көрсетеді. Мысалы, күн тәртібі, флешмоб, эстафеталық ойындар, ұжымдық-шығармашылық ойын, тәрбиелік іс-шара, драмалық ертегілерден көріністер, «Туған күн», әндерге пародия, «Батпырауық ұшыру» «Лагерьдің жабылу салтанаты» т.б.



Студенттердің жазғы практикасының қорытынды конференциясы.

Колледжде студенттердің «Жазғы машығының» қорытындысын шығаруға арналған конференцияны қыркүйек айының басында өткізу дәстүрге айналып

отыр. Онда студенттер өздері өткізген шаралардан үзінділер көрсетеді. Фотогалереялар ұйымдастырылады.



«Бір Отан, Бір тағдыр, Бір Елбасы» тақырыбында тәрбие сағатынан көрініс



Конференцияда жазғы педагогикалық машықты дәстүрлі түрде Ақмола облысы, Щучинск қаласындағы «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында сондай-ақ, Алматы облысы Қапшағай қаласындағы «Балдәурен-

Қапшағай» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткізетін «Жайық жастары» педагогикалық жасақ мүшелері видео - слайд арқылы есеп беріп тәжірибелерімен бөлісіп отырады. Жаз мезгіліндегі Балдәурендегі өткізген қызықты, шығармашылыққа толы шабытты жастардың демалысын ұйымдастырған кезеңдерінен әсерлі үзінділер көрсетеді. Студенттер жазғы практиканы өте жақсы өткізіп, Лагерь басшыларының атынан алғыс хаттармен марапатталып отырады.

Жоспар бойынша студенттері практикада жүргізген жұмыстарының нәтижесін, қызықты күндерден, педагогикалық жағдаяттардан көріністер көрсетеді.



Жазғы лагерь практикасын, Ақмола облысы, Щучье қаласындағы «Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында, сондай-ақ, Алматы облысы Қапшағай қаласындағы «Балдәурен-Қапшағай» Республикалық оқу-сауықтыру орталығында өткізген «Жайық жастары» педагогикалық жасақ мүшелері есеп береді.

Білім алушылар алғашқы күннен бастап, өз істерінің тиянақтылығымен, жауапкершілігімен көзге түсіп, өздерін көрсете білді. «Burabay SUMMER FEST» талантты балалар фестивалі ауысымы, «Туған күніңмен, Астана!» Елорданың 20 жылдығына арналған ауысым, «Батылдар, ептілер, мықтылар

планетасы» спорт ауысымы, «Жас геолог-2018» Халықаралық Ү Қазақстандық «Жас Геологтар Олимпиадасы» ауысымы, «Бірлігіміз жарасқан» халықаралық ауысымы, «Жас құтқарушылар» жас өрт сөндірушілер ауысымы барысында «Жайық жастары» педагогикалық жасағының мүшелері, «Жастар» педагогикалық жасағымен бірлесе отырып, жазғы ауысымды сәтті аяқтады. Педагогикалық жасақ жазғы ауысым барысында тек Қазақстандық балаларды тәрбиелеп қана қоймай, халықаралық ауысымда Монголия, Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзірбайжан, Туркия, Россия, Башқұрт елінен келген балаларға керемет демалыс сыйлады. Ұйымдастырушы-ұстаз міндетін атқарған бұл студенттер үшін үлкен тәжірибелік практика болды.



«ЖАЙЫҚ ЖАСТАРЫ» ЖАСАҒЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

Колледж түлектері, студенттерге шеберлік сыныбын өткізіп, түсірілім жұмыстары туралы әңгімелеп, ток-шоу түсіру, репортаж жасау, ролик түсіру және сұхбат алуды іс барысында үйретеді. Жазғы педагогикалық машыққа дайындалып жатқан студенттер тәжірибе жүзінде болашақта өздеріне қажет болатын көптеген ақпараттарға қанығады.

«Жайық жастары» педагогикалық жасағының жұмыс бағдарламасымен 1 курс білім алушыларын таныстыру мақсатында «Жайық жастары шақырады» тақырыбымен кездесу кеші ұйымдастырылды.



Мақсаты:

- Білім алушыларды педагогикалық жасақ жұмысының мазмұнын таныстыру;
 - «Жайық жастары» мүшелерінің қалалық аула клубтарымен және Республикалық, Ресей Федерациясының лагерьлерімен байланысын көрсету;
 - Бүлдіршіндермен жұмыстануды үйрету;
- Ұйымдастырушы – ұстазға сай бойындағы қабілеттерді дамыту.

Бүгінгі күнде «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында еңбек етіп жатқан колледжіміздің түлектері, бұрынғы педагогикалық жасақ мүшелері іс тәжірибелерімен бөлісу мақсатында колледж білім алушыларымен кездесу кештерін өткізуді дәстүрге айналдырып отыр. Сондай кездесулердің бірінде «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында әр жылдарда педагог-ұйымдастырушы болып еңбек еткен Амиргалиев Жангелді мен Хафиз Өркен және басқалары колледжімізге келіп білім алушылармен кездесіп, шеберлік сыныптарын өткізіп отырады. Кездесуде кешегі түлектер, бүгінгі жазғы педагогикалық практиканы ұйымдастырудың шеберлері өздерінің тәжірибелерімен алмасып, ой бөлісіп білім алушылардың көптеген сұрақтарына жауап береді.



Колледж түлектері Амиргалиев Жангелді және Хафиз Өркен және басқа да педагогикалық жасақ мүшелерімен кездесу сәтінен

«Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының тәрбие кешенінің әкімшілігімен, қызметкерлерімен кездесулер өткізу дәстүрге айналып отыр. Олар жазғы демалыс лагерьлерінде өткізілетін шараларды сөз жүзінде емес, іс жүзінде көрсету мақсатымен практикумдар өткізеді.

2013 жылы қуанатын жағдай үш жылдан бері «Жайық жастары» педагогикалық жасағымен бірлесіп жұмыстанып жүрген «Балдәурен»

республикалық оқу-сауықтыру орталығының тәрбие кешенінің директоры Баймұканова Гүлмира Әділбекқызы Батыс Қазақстан обылысына іс-сапармен келіп, біздің түлектерімізді практикадан өткізуге мүмкіндіктерінің бар екенін, керекті құжаттарды, талаптарын айтты. Ол республикаға танымал колледжіміздің тарихымен, жалпы жұмыс жүйесімен таныс болды.




Қазақстан Республикасының «Балалардың арманының аралы!» «Балдәурен» Тәрбие кешенінің бұрынғы директоры Баймұканова Гүлмира Адилбекованы Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжі директорының оқу - өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Мұқашев Мұхамбет Сұпығалиұлы колледж тарихымен таныстыруда. Колледж түлегі педагог ұйымдастырушы болып қызмет атқарған Хафиз Өркен



**Амиргалиев Жангелді
Қуандықұлы
Бас директордың ОӨ ісі
жөніндегі
орынбасары**



**Хапезов Өркен
Мұхитұлы - ғылыми
әдістеме бөлімінің
әдіскері**



**Дуйсекешов Ермеков
Исатай- Арт-дизайн
бөлімінің фотографы**



**Халесова Нұрғаным
Марленқызы – Режиссер**



**Кадиров Рафхат- физкультура
туризм кешенінің спорт
инструкторы**



**Сайнова Сандуғаш
Асқаровна – Режиссер**



**Булатов Ақтілек Саматұлы –
Ұйымдастырушы**



**Алиева Ұлпан Нұрланқызы-
Ұйымдастырушы**



**Қарағойшин Жақсыбек –
Ұйымдастырушы**



**Орынбасаров Жандос- «Балдаурен-
Шымкент» РОСО-да
ұйымдастырушы**

МАРАПАТТАУЛАР

2013 жылы 04 қазан күні педагогикалық жасақ жетекшісі А.Ж. Отарбай қала әкімінің орынбасары Б.М. Мәуленнің қабылдауында болып, «Жайық жастары» педагогикалық жасақ мүшелерінің балалардың жазғы демалысын шебер ұйымдастырғаны үшін үздік деп танылып, оқытушы «Үздік ұйымдастырушы» дипломымен марапатталды.



2009 жылы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығында бірінші республикалық педагогикалық отрядтар слеті өтті. Слетте «Жайық жастары» педагогикалық жасағы өздерін таныстырып, жоғары деңгейде өнерлерін көрсетті.

2010 жылы Ж. Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледжін таныстыру мүмкіндігі ғана емес, бүкілхалықтық деңгейдегі әлемді таныстыру мүмкіндігі берілді. Конкурс негізінде «Премьера» мәдени-сауықтыру орталығына жолдама «Жайық жастары» педагогикалық жасағы Ресей Федерациясының (Краснодар орт. Анапаға) шақыруымен алды.

2012 жылы Жасақ мүшелері Қостанай облысындағы «Сосновый бор» саяжайында ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен Қазақстан Республикасындағы педагогикалық жасақтар слетіне қатысты. «Жайық жастары» жүлделі 2 орын алды.

2013 жылы ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Алматы қаласы «Тау күні» лагерінде өткен «Жаз – 2013» педагогикалық жасақтардың семинар-практикумында «Жайық жастары» педагогикалық жасағы жа жүлделі 2 орын иеленді.

2014 жылы ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Щучье қаласы «Балдәурен» республикалық оқу-сауықтыру орталығының базасында өткен

Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың республикалық слетінде «Жайық жастары» 3 орын иеленді.

2015 жылы Педагогикалық жасақтар және балалардың жазғы демалысын ұйымдастырушылардың республикалық слетінде «Жайық жастары» 2 орын иеленді.

2016 жылы Педагогикалық жасақтардың «Креатив ревю-2018» Республикалық слетінде «Жайық жастары» педагогикалық жасағы қатысып белсене қатысып, Гран-при иеленді.

2018 жылы 31 наурыз-4 сәуір аралығында Педагогикалық жасақтардың «Креатив ревю-2018» Республикалық слетінде «Жайық жастары» педагогикалық жасағы қатысып белсене қатысып, жүлделі 2 орын иеленді.



Жыл сайын Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «Балаларға арналған жүрек» атты республикалық педагогикалық олимпиадаға қашықтан қатысып, жүлделі орындармен марапатталады.



Балалардың демалысының ұйымдастырылуы жайлы тәжірибені қорыта келгенде, жазғы лагерьлер – тек демалыс орны ғана емес, үлкен тәрбие мен үгіт-насихат құралы. Мәселен, балалар онда жай демалып қана қоймай, әрі денсаулығын түзейді, әрі қоршаған ортаны танып, еңбекке, достыққа бейімделеді. Туған жерінің орман-тауын, өзен-көлін, даласын көріп-білу және оның күллі сұлулығын сезіну әрбір баланың бойында туған табиғатын аялай сүю, қорғау

сезімдерін оятып, ұлттық сананың қалыптасуына алғышарт болады. Сондықтан болашақ педагогтарды жазғы педагогикалық машыққа дайындау мәселесі күн тәртібінен түспек емес. Айналып келгенде, балаға бүгінгі жасалатын қамқорлық елдің ертеңін ойлау мақсатынан туындайтынын естен шығармаған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Афанасьев Л. И., Макаренко Т. А. Педагогические отряды как средство развития будущего педагога // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2017. – Т. 32. – С. 338–340. – URL: <http://e-koncept.ru/2017/771096.htm>).
2. «Жазғы кезеңде балалардың демалысы мен сауықтыруды ұйымдастыру» бағдарламасы. Дереккөз: <https://edu.mcfr.kz/article/296-jazy-keze-de-balalardy-demalysy-men-sauytyrudy-yymdastyru-badarlamasy>; Жалғасы: № 5-2016; № 4-2018 «Білім беру мекемесі басшыларының анықтамалығы» журналында.
3. Куприянов Б.В. «Авторские лагеря Костромской области: история и современность: учебное пособие для студентов педагогических специальностей» / Кострома: КОИПКРО, 2006. - 184 с.
4. Панина С.В., Макаренко Т.А. Современные линии подготовки педагогических кадров в Северо-восточном регионе Современные исследования социальных проблем (электронный научный журнал). 2015. № 7 (51). С. 411-421).

Жазғы педагогикалық практиканың дайындық семинарының жоспары

I – жүргізуші: Құрметті оқытушылар, білім алушылар, бүгінгі кеш қонақтары – колледжіміздің студенттері!

Түсініп терең, өмірдің мәнін,
Жалынды жастар, сендерсің сәнім
Беретін бойға күш – қуат, жігер,

Шырқалсын шаттық әнұран әнім – дей отырып, бүгінгі жазғы педагогикалық практикасының ашылу салтанатына қош келдіңіздер!

«Жайық жастары» әні.

Жасақтардың лагерь президентіне рапорты қабылдансын!

II– жүргізуші:

Интеллигентной, доброй, милой,
Душою чистой и лицом красивой
Ребенка всякого уметь любить.

Все делать для ребят с душою,
В своей работе не искать покоя.
Известна истина простая.

Человек не может, не мечтая
Учителем не надо становиться
А нужно просто им родиться.

А теперь я хочу вас ознакомить с участниками конкурса:

Педагогический отряд группы:

При подготовке к летней педагогической практике каждому из отрядов было дано задание, придумать свою визитную карточку, в которую должны входить: название отряда, девиз, речевка, песня, стен газета, защита портфолио и дневника, а также и сценка одного дня из жизни лагеря.

I– жүргізуші: Жазғы педагогикалық практикаға дайындық барысында барлық жасақтар топ визиткасы яғни, топтың аты, ұраны, эмблемасы, әні, жар газеті, портфолиомен күнделіктер көрмесі, лагердің қызықты бір сәтін ұйымдастыру берілген болатын. Ал ендеше дайын болсақ, лагеріміздің күн тәртібі бойынша ортаға шақырамыз.

II– жүргізуші:

1. Күн тәртібі (ЗасКШМ-9 тобы)
2. Таңғы жаттығу (ЗаКШФТ, ЗсКШФТ тобы)
3. Флешмоб (2 пКШК тобы)

I – жүргізуші:

Бастайық қызық думан, ойын шартын,
Кім тапқыр сол адамды мойындайтын
Ойменен, ақылменен, санаменен,

Білген жөн бәрімізге заман нарқын, - дей отырып, кешіміздің келесі бөлімін жасақ мүшелері сайысатын қызықты ойынға береміз.

4. Эстафеталық ойындар (2 а КШФ, 2пКШФ тобы)
5. Ұжымдық-шығармашылық ойыны (3аКШК тобы)
6. Тәрбиелік іс-шара (3асКШИ тобы)

II – жүргізуші:

7. Драмалық ертегі «Мақта қыз бен мысық» (2пКДО тобы)
8. Тәрбиелік шара «Туған күн» (3асРШО тобы)
9. Әндерге пародия (2пКШО тобы)
- 10.«Батпырауық ұшыру» (3асКШИЧ тобы)

I – жүргізуші:

- 11.Флешмоб (3сКШК тобы)
- 12.Тәрбиелік шара «Лагердің ашылу салтанаты» (2аМК тобы)

II – жүргізуші:

Бүгінгі семинарымызға «Дарын» қосымша білім беру орталығының әдіскері _____

өз іс-тәжірибесімен бөлісуге ортаға шақырып, қарсы алайық!

I – жүргізуші:

Қабыл етіп қонақтардың тілегін,
Тілегіңді тұмар етіп жүремін.
Кейінгіге жақсы ісін үлгі етер,

Өздеріңдей болса деймін түлегім – деп **Колледжіміздің «Жайық жастары» педагогикалық жасақ мүшелерін ортаға шақырамыз!**

II – жүргізуші:

На сегодняшней конференции присутствуют представители старшего поколения, то есть преподаватели-ветераны, которые являлись и являются наставниками у тысячи студентов.

Следующее слово предоставляется Ильясовой Райсе Касымовне.

I – жүргізуші:

Самғандар бейбіт елдің аспанында,
Зулайды жастық дәурен қас – қағымда.
Алтын ұяң, ұстаздарың алтын қазық,
Тілейді сәтті қадам жастарына.

Бүгінгі топтардың дайындықтарын бағалап, қорытындылау үшін педагогика, психология кафедрасының меңгерушісі Нұрашева Гүлнар Сырымқызына сөз кезегін ұсынамыз.

II – жүргізуші:

Вы старались, как могли,
Свои таланты показать,
Пусть кто-то будет впереди,
Другим не стоит унывать!
Мы провели чудесно время,
Нелегкий конкурс позади...

I – жүргізуші:

Өмірлерің студенттік мәнді болсын,
Қызыққа әнге толсын, сәнді болсын.
Қайда барсаң жолдарың ашық болып,
Біліміңе бар әлем тәнті болсын, - дей келе жазғы практика «өте жақсы»
бағамен бағалануларыңызға тілектеспіз.

2-қосымша

ТӘЛІМГЕР ПОРТФОЛИОСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

1. Құқықтық-нормативтік құжаттар:
 - Бала құқығын қорғау туралы конвенция (20 қараша 1989 ж)
 - ҚР Бала құқығын қорғау туралы Заңы(8 тамыз 2002 ж)
 - ҚР «Білім туралы» Заңы (2016 жылғы)
 - Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері (2016 ж)
 - Жазғы сауықтыру лагерінің ережесі
2. Балалар сауықтыру лагеріндегі тәлімгердің құқығы мен міндеттері
3. Тәлімгердің лауазымдық нұсқауы
4. Балалар сауықтыру лагерінің қауіпсіздік ережесі
5. Лагерь ауысымының үлгі жоспары
6. Күн тәртібі (режим)
7. Отряд бұрышы
8. Отряд аты, ұраны, әні
9. Психодиагностикалық әдістемелер
- 10.Ойындар
 - Танысуға арналған ойындар
 - Эстафеталық ойындар
 - Қимыл-қозғалыс ойындары
 - Көңіл-күйді көтеруге арналған ойындар
 - Шығармашылық ойындар
11. Тренингтер
- 12.Әндер
- 13.Мақал-мәтелдер
- 14.Жұмбақтар
- 15.Жаңылтпаштар
- 16.Шаралар
- 17.Үйірме

«Армысың, лагерь, рухани өмір ордасы!» атты лагерьдің ашылу салтанаты

Іс шараның мақсат- міндеттері:

А) Балалардың бір- бірімен жақсы танысып, болашақта ынтымақтасып, бірге жұмыс істеуге үйрету.

Ә) Балалардың демалып, көңіл көтерулеріне ықпал етіп, сергектікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Б) Ойын, сайыс арқылы балаларды достыққа, ұжымшылдыққа баулу. Ұлттық өнер мен мәдениетін қадірлеуге тәрбиелеу.

Түрі: Концерттік кеш.

Әдісі: сананы қалыптастыру әдістері, қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру әдістері, ынталандыру әдістері.

Көрнекілігі: Плакаттар, жалаушалар, шарлар т.б.

Өтетін орны: Лагерь алаңы.

Барысы:

І жүргізуші: Құрметті оқушылар, оқытушылар, ата- аналар сіздерді бүгінгі лагерьдің ашылу салтанатымен құттықтаймыз! Алдағы уақытта жақсы демалып, бойларыңызға күш қуат жинап, мықты болуға тілектеспіз. Осымен бүгінгі лагерьдің ашылу салтанатына арналған «Армысың, лагерь, рухани өмір ордасы» атты концерттік шарамызды ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

II жүргізуші:

Өмір- өнер, өнер- қмір мектебі ме,
Сәуле төккен жас ұрпаө зердесіне?!
Құшағында лагерьдің тербелеміз,
Рухани шуақты өмір бесігінде.

I жүргізуші:

Өнер тылсым табиғат құдіретіндей,
Талай сырын шертеді ертегідей.
Тазартқан жан сарайын ұлы өнер,
Өшпейтін тіршіліктің тірегіндей.

II жүргізуші:

Асқақ арман жетелеп ақ таңдарға
Жас өнерім өнерден бақ табар ма?
Руханияты елімнің сарқылмасын,

Ұялатар ұлағатын санаңа!- деп бүгінгі мерекелік шараны өнер сайысы ретінде өткіземіз! Сайыс шартымен таныстыра кетсек: Әр топ өздерінің ішінен 1-2 әнші, 1-2 биші, 1-2 суретші шығарады. Ора жеке- жеке сайысады.

I жүргізуші: Енді сайыс кезеңдерімен таныстырайық:

1. Ең үздік әнші.
2. Ең үздік биші.

3. Ең үздік суретші.

4. Қызықты сұрақтар.

Әділ- қазылар алғасы сайланады.

II жүргізуші: Өркениетті ел қатарына өзгеге еліктеп емес, өзіндік таза жолымызбен, таза ұлттық болмыс- жаратылысымызбен баруымыз керек. Ол үшін ұлттық саф асыл өнеріміз бен мәдениетімізді жоғары көтерелік ағайын!

I жүргізуші: Жасыңнан өнерге бет бұрсаң ғана өмірдің сұлулығын сезініп, мағыналы ғұмыр кешесің. Өнердің қай түрін қай түрін қалайсың? Оның түрі көп. Құпиясыда жетерлік, сыйлар ләззаты да шексіз.

II жүргізуші: Ән адамның жан сезімін оятып, жүректің ең нәзік қылын қозғайды демекші 1 кезең әншілер сайысы. Әр топтан шыққан әншілер Отан, туған жер, әлде өздері қалаған еркін тақырыпта өлең айтады.

I жүргізуші: Би ғажайып сиқырлы күйге бөлейді демекші 2 кезеңде бишілер сайысы. Арнайы әр ұлттардың өлеңінен папури қосылады, әр халықтың биін билеп береді.

II жүргізуші: Сурет өнеті үнсіз музыка. Ең үздік суретші кезеңінде суретшілер «Болашақ Қазақстан» тақырыбында сурет салады.

I жүргізуші: Көрермендер сайыскерлерге қалаған қызықты сұрақтарын қояды. Бір- бірімен пікір алмасады.

II жүргізуші: Сонымен әр кезең өнерпаздарын мадақтау үшін әділ- қазылар алқасы шақырылады.

II жүргізуші: Лагерь – рухани тіршілік бесігі.

I жүргізуші: Лагерь – рухани өмір ордасы.

I жүргізуші: Мұнда біз ұлттық мәдениетімізді көтеріп, өшпес өнер айдынына қанат қағып, келешекке қарқынды қадам басып барамыз.

II жүргізуші: Лагерь балалық шақтың, бал достықтың, балаң өнердің ордасы. Лагерьге тынығуға келген жас достарға тағыда қош келдіңіздер дейміз. Осы демалыстарыңызды қызықты өткізуге тілектеспіз. Осымен лагерьдің салтанатты ашылуына орай өткен **«Армысың, лагерь, рухани өмір ордасы»** атты мерекелік кешімізді жабық деп жариялаймыз.

«Қош бол, қызықты Айгөлек лагері!» атты лагерьдің жабылу салтанаты

Іс шараның мақсат- міндеттері:

А) Оқушылардың 10 күн бойы лагерден алған әсерлерін әңгімелей білуге, ой-өрісін кеңейтуге, бастан өткен қызықты айта білуге үйрету.

Ә) Оқушының өмірге деген көз қарасын дамыту. Шешендік, тапқырлық өнерін байқау.

Б) Мәдениеттілікке, парасаттылыққа, әсемділікке, үлкенді сыйлап, кішіні құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: Концерттік кеш.

Әдісі: сананы қалыптастыру әдістері, қоғамдық мінез-құлықты қалыптастыру әдістері, ынталандыру әдістері.

Көрнекілігі: Плакаттар, жалаушалар, шарлар.

Өтетін орны: Лагерь алаңы.

Барысы:

I жүргізуші:

Бүгінгі әсем мереке,

Бітпекші лагерь күндері.

Жарқында шығар үндері,

Жайқалмақшы бұл кеште

Балдырғандар гүрілі.

Ән салмақшы, би билеп,

Жіберейін жыр илеп,

Қуанышпен тарайық.

Бәрімізде бір билеп.

Міне көзді ашып жұмғанша лагерьдің қызықты сәттерінде өте шықты. Әрине, қуаныш жаздың күндері таусылмақ емес. Әдемі кештер сайын лагерь күндері баршаңыздың естеріңізде мәңгі қалады.

II жүргізуші:

Каникулы, каникулы,

Веселые деньки.

Умолкли на три месяца

Все школьные звонки.

А здесь костры задорные

Всю нрчь для нас горят

Живет здесь лагерь Евразия

И дружный весь отряд.

А здесь друзья, товарищи,

Веселье, песни, смех.

Пускай нам все завидуют

Наш лагерь лучше всех.

Дорогие ребята и гости нашего праздника. Торжественная линейка, посвященная закрытию I смены «Лето» разрешите считать открытым!

I- жүргізуші:

Сән-салтанат жасайық,
Күй сандықты ашайық.
Бұл мереке бұл тойға,
Бимен шашу шашайық.

II жүргізуші:

Казахстан – это край и отар и пшеницы
Край, и степи, и горы,
Край заоблачный пиков, джайлау широких,
Край батыров, героев порывистых край.

I жүргізуші:

Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін!
Бұл даланы жылап келіп, уанғам,
Бұл даланы алғаш келіп, қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

II жүргізуші:

Слово для поздравления и вручения грамот и алгыс хатов детям которые не остались в стороне и активно участвовали в жизни лагеря предоставляется главному туристу _____ күймен ортаға _____ шақырамыз.

I жүргізуші:

Келесі марапаттау сөзі _____ беріледі

I жүргізуші:

«Брэк биімен» ортаға _____ шақырамыз.

I жүргізуші:

«Евразия» деп жүрек үні жаңғырар,
«Евразия» деп бар күшіммен ән салам.
Мен тілеймін «Евразияға» келсін деп
Әр түкпірден ең дарынды балдырған.

Сендерге тағдыр керемет кездесулерді сыйлады, сендер оның әрбір минутын қадірлендер. «_____» өткізген 12 күндеріңді мәңгі есте сақтайды деп ойлаймыз.

II жүргізуші:

Пусть узнает белый цвет,
Об острове дружбы и счастья
«Евразия» я шлю тебе привет!
Пусть обходят все ненастья!

«_____» Стал-ли он для вас что-то значить? Но мы уверены, что когда вы будете произносить это слово из обычных семи букв, в вашем сердце начнет бурлить водопад искрающихся, самых теплых и сильных чувств. Мы желаем вам успеха и заливистого смеха,

Творите и дерзайте, друзья, не уставайте!!!!

Өздері сондай көркем

Көмейінен ән төгілген

Бұлбұл құстай сайраған

Ән айтуға жаралған.

I жүргізуші:

Сән-салтанат жасайық,

Күй сандықты ашайық.

Бұл мереке бұл тойға

Бимен шашу шашайық

_____ «Хафанана»

II жүргізуші:

Слово для поздравления и вручения мандатов детям, которые уже отдыхают у нас второй год предоставляется _____ «_____» _____

I жүргізуші:

Асқақтаған ән дайын,

Күмбірлеген күй дайын

Көрсетеді өнерін.

Екі жас бүлдіршін.

№ _____ орта мектебінің оқушылары _____ мен _____

орындауында ағылшын тілінде әсем әнді қабыл алыңыз.

I жүргізуші:

Келесі құтықтау сөз кезегі _____ берледі.

(алғыс хат беріледі)

I жүргізуші:

Арайлы әнмен барамыз алға

Бабалар салған ізбенен,

Батыры – дара. Ақыны дана

Ұрпағы елдің біз деген.

II жүргізуші:

А теперь позвольте спустить флаг Евразий в связи с закрытием II смены. Право спустиль флаг предоставляется президенту лагеря

I жүргізуші:

Сен өзгесің, жаңа ұрпақсын еңселі,

Сондықтан да бөлек көрем мен сені.

Ықпай, бұқпай еркін өссең, өз бағың.

Көркейт, ұл! – деп күтуде ел мен жер сені.

Құрметті демалушы ұландар!

Лагерьдің II ауысымын жабық деп жариялаймыз!

Ал, құрметті ұландар, сіздерге әрдайым қалған уақыттарыңызды бос өткізбей, мәнді де, сәнді, қызықты өткізулеріңізге шын жүректен тілек білдіреміз. Сау болыңыздар!

II жүргізуші:

Дорогие ребята. Настало время прощания с лагерем. Во время отдыха в лагере вы узнали много интересного о туризме, подружились с ребятами. Мы надеемся, что у вас останутся хорошие воспоминания о лагере «_____».

Торжественная линейка, посвященная закрытию II смены «Лето» разрешите считать закрытым. Мы всегда вам рады. До скорой встречи!

«Жайық жастары» педагогикалық отрядының белсенді мүшелері



Супығалиев Ернат




Әлібеков Ерасыл



Асетова Альвина



Шайхымалиев Мейрам



Мендигарина Жадра



Жасұлан Алмат



Ермеккалиева Еңлік



Якупов Әл-Фараби



Хамитова Айсулу



Серикова Кунсулу



Ерғалиева Айнүр



Кожжабаев Нұрдаулет



Қайыржанұлы Табиғат



Жанболат Мейірбек



Истлеуова Аксауле



Жазықбай Алтынбек